

Канат Каренов

КЕШІР ИНИ, КЕШІР

НОБЕСИТЬ

ПРОСТИ, МОЙ БРАТ, ПРОСТИ

УДК 355/359
К18

Каренов Қ.

К18 Кешір інім, кешір. = Прости, мой брат, прости / Қанат Каренов - Қарағанды, 2016. – «Гласир» 115б., қаз., орыс.

ISBN 978-601-7836-98-6

Книга посвящена участникам и ветеранам Великой Отечественной войны, а также книга посвящена памяти братьев Кареновых, Аскара и Саттара, воевавших в той войне, маме Шарбан и всем солдатам-казахам, отдавшим долг и жизни за защиту своей Родины.

УДК 355/359

ISBN 978-601-7836-98-6

© Каренов Қ., 2016



Әкем мен анама

*Неше жыл өтпесе де,
Неше жас болмаса да,
Мен саған баламын
Сағындым сені анашым,
Ізбасар болсам әкеме,
Қиын жолға қарамай,
Қойған арманға жетемін,
Шіркін тағдырдың жалғаны-ай,
Кеттіңіз ерте көре алмай
Өмірдің талай қызығын*

*«Егер батыр аталарымыздың жеңісі
болмаса, бүгінгі Тәуелсіздікке қол
жеткізуіміз екі талай еді.
Сондықтан, бостандығымызды
бағалауымыз керек, ал жастар
ардагерлерге әрқашан көмек
қолдарын созулары қажет.
Мемлекет өз кезегінде оларға жан-
жақты қолдау көрсетуді
жалғастырып келеді»*

**Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев**

Бұл кітапты мен, өздерін және ең қымбатты- өз өмірлерін аямаған, біздер- ұрпақтары бостандықта бейбіт өмір сүріп, өз елінің лайықты азаматтары ретінде бақытты өмір кешуді сыйлаған Ұлы Отан соғысының барлық ардагерлеріне арнаймын.

Мен, Ұлы Отан соғысының ардагері, өз әкемді мақтан етемін және жылдар өткен сайын әкем мен оның үлкен ағасы Асқардың бір-бірін өте жақсы көріп, осы өмірді бағалағаны және бақыт үшін жандарын аямағанын көбірек түсіне бастадым.

Менің әкем туған ағасы, 33-атқыштар дивизиясының барлаушысы Асқар Кареновке қарақағаз алады, бірақ өмірінің соңына дейін ағасының қазатапқанына сенбей, ағасы қайтып оралар ғажап сәтті күтумен болды...

Тіпті, 1980 жылы өзі ауыр жарақат пен жарымжандықпен көз жұмар сәтін де, ұлдарынан: «Ағамның қабірін тауып алындар. Ол жерленген жерден бір уыс топырақ алып келіп, менің қабірімнің қасына жерлеңдер. Тым құрығанда, онымен мәңгілік бірге қалатынымдыосылайша сезінетін болайын» деп өтінді.

Бұл кітапты мен бүгінгі және болашақ күннің ұрпақтарына арнай отырып, олар бір-бірін бағаласын, жан-тәнімен жақсы көрсін деймін.

Бірде, әкем қайтыс болғаннан кейін, ол кісі 1980 жылы 17 сәуірде қайтыс болған еді, мамыр айында біз «Менің арманым» атты шығарма жаздық. Мен әкем туралы ойымды, келешекте кім болғым келетінін жаздым. Уақыт өте келе, осы кітап жазылып жатқанда, мен сол шығарманы тауып алдым және осы күнге дейін жазғанымның бәрін жүзеге асыруға тырысқанымды ұқтым. Бұл шығарма емес, менің берген сертім сияқты еді.

«Менің арманым.

Менің арманым- ол өз әкеме ұқсау. Ол үш соғысты да бастан кешірген адам. Көпті көрген, қазақ халқын өлердей сүйген, өмірінің соңына дейін өз халқына адал болған адам. Өз халқының тарихын өте жақсы білетін. Достарымен, көршілерімен әңгімелесуді қатты ұнататын. Ол кісіні барлығы құрметтейтін. Милицияда қызмет атқарғанында кедейлерге көмектесіп, оларға пана болуға тырысқан. Сонымен бірге, әкем поэзияны жақсы

көруші еді. Әкемнің көзін көргендер мақтан тұтуға лайықты, қарапайым да адал Адам болғанын айтатын. Мен де әкем сияқты қарапайым Адам болғым келеді. Қарапайым, бірақ халқыма қажет адам ретінде, өмір сүргім келеді».

2010 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейінмен Ресейге бардым және Псков облысынан басқа барлаушылармен бірге ұрыста қаза тапқанөзімнің ағам, 33-атқыштар дивизиясының барлаушысы Асқар Кареновтің жерленген орнын таптым.

Өз әкем-Саттар Каренов, Ұлы Отан соғысының ардагері, 1939 жылдан бастап Халхинголдегі әскери ұрыстарға қатысқан болатын. Одан кейін Ұлы Отан соғысы басталғанда ерікті түрде майданға аттаныпты. 1942 жылы Смоленск, Вяземск және Ржевск түбінде қиян-кескі ұрыстар өтеді. Сондай ұрыстардың бірінде взвод командирі қаза табады да, менің әкем- аға сержант қолбасшылықты өзіне алады, кейінгі 4 ай бойы взводты басқарады, взвод командирі дей тұрғанмен-бұл офицерлік лауазымға жататын-ды, алайда ол тапсырмаларды орындап шығып, өзін сауатты командир ретінде көрсете білгендіктен, осы лауазымда қалдырылған. 1942 жылы 23 қыркүйекте оның взводы Зуевка ауылы түбінде неміс күштерін талқандау мақсатында шабуылға шығады, осы ұрыста ауыр жарақаттанып, 4 ай бойы госпитальда жатады, одан кейін мобилизацияланады.

Мұның барлығы маған, бұдан 6 жыл бұрын, мұрағат құжаттарын көтергенде белгілі болды, мен әкемнің «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылған марапаттау қағазын тауып алдым, сонымен бірге, менің басты міндетім –оның өз өмірінің соңына дейін іздеген үлкен ағасы Асқар Кареновтің жерленген орнын табу болатын.

Қарақағазда ол Калинин облысы (қазіргі Псков) Семеновка аулының жанында жерленді делінген. Алайда, кейінірек маған, өткен жүзжылдықтың елуінші жылдары ауылдың таратылғаны мәлім болды. Сондықтан, жолдаған сауалдар бұл ауылды таба алмады. Тек 2010 жылы, кіші ағаммен сол жаққа барғанымызда, біз Асқар Кареновтің жерленген орнын таптық, ол Псков облысы Липшан ауылындағы туыс бауырластар қабірінен табылды.

Біз сол ауылдан 600 метрдей жерде бүтіндей латыш дивизиясы жерленген бауырластар қабірінде, біздің отандасымыз, мерген, Совет Одағының батыры Әлия Молдағұлова жерленгенін де білдік. Оған ескерткіш орнатылыпты. Жергілікті тұрғындар мен әскерилердің айтуынша, ұрыс кезінде барлаушылардың мергендерді қалқалағандары белгілі болды. Демек, менің ағам Асқар Каренов пен Әлия Молдағұлова бірге соғысқан.

Біз қазіргі кезде рухани келісім туралы көп айтамыз. Ресейге іздестіріп барғанымызда, жауынгерлер жерленген орындарды көріп, сүйсіндік, ресейлік тұрғындардың көмегіне және балалардың

отандастарымыз жерленген қабірді күтіп-баптағандарын көріп, риза болдық.

Фашизмді жеңгенімізге 70 жыл өтсе де, мұнда белгісіз солдаттар жерленген орындар өте көп. Бұл іздестіру жұмыстарын жалғастыруға және іздестіруге бар күштерін салатын топтар үшін, сонымен бірге, әсіресе, өз өмірлерін фашизммен күреске және Отанын қорғауға қиған туыстары бар жастар үшін орынды себеп болары анық.

Мен тек өз ұрпақтарым ғана емес, сондай-ақ, осы бейбіт өмірді сақтап қалған сол жауынгерлердің ұрпақтары да батыр ата-апаларын тірі сияқты естерінде мәңгі сақтағандарын қалаймын.

Сондықтан мен, Қарағанды қаласы Оңтүстік-Шығысауданындағы өзім оқыған №27 мектепте болдым, бұл мектепке мені бұдан қырық жыл бұрын әкем әкеліп еді және Ресейге барғаны, Кеңес жауынгерлерінің фашизмді жеңгені, Жеңістің мәні туралы әңгімелеп берген-тін.

Каренов Қанат



*Смоленскінің түбінде ол
Взводын айқасқа көтерген.
Сапер күректің қырымен
Сұлатқан жауын төтеннен.*

*Шайқасқан адым тегінбей,
Бұйрыққа болып тым адал.
Тұрыпты қайта жеріңнен
Жарықшақ тиіп құлаған.*

*Жақындатып күнін жеңістің,
Өлімге тіккен бастарын.
Адамдар бізге ең ыстық
Ескерткіш бүгін таста тұр.*

*Өмірін мәңгі жалғады
Қалдырып ұрпақ, баласын.
Гүл қойып, сыйла сен дағы
Сүйгендей алар анасын!*

Кешір інім, кешір

Ақтөбеге тағы бір ымырт үйірілді. Ендеше, жеңіс күніне де аз қалған сияқты, қарғыс атқан осы соғыстан туған –туыстарымыз аман-есен оралып, арман-тілектеріміз орындалар қуанышты сәт те жақындаған тәрізді. Бұған негіз де жоқ емес, өйткені ауылға бірде-бір қарақағаз келген жоқ. Күндердің жалғасқан тізбегімен соғыс үшінші жылға ұласқанды.

Кешкі алакеуімде бір адамның қарасы көрінді. Ол қанатын жайған бүркіт сияқты балдағын бұлғандатып, ақсаңдай басып келе жатты. Асығып келе жатқаны көрініп-ақ тұр. Өздері жайлы әңгімелесіп тұрған екеу, оны байқап та үлгермеген болулары керек:

- Әміре, майдандағы інілерің Асқар мен Саттардың қалдары қалай? Олардан хабар алмағаныңа көп болды ма?

- Эх, Кәріпбек, сен Асқарды білмеуші ме ең, ізі-ғайым...ол бір жұмысты бастаса, соны аяқтағанша, аузынан бір сөз ала алмаушы едік қой. Онымен қоса қиқарлығы тағы бар! Ол хат жазбайтынын бірден ескерткен. Аллам жар болсын, жауды жеңіп, ортамызға оралғанда, той дастарқаны басында көрген-білгенін айтар.

- Ал Саттар ше? Оның жас келіншегі қалды емес пе ?

- Содан да болар, әйеліне ғана жазады. Майдандағы бар жаңалықты сол арқылы естиміз. Осыдан келсін, көрсетем мен оған ағасын ұмытқанын!

- Сабыр ет, Әміре. Осындай аға бола ма екен? Сен оған әке орнында емессің бе, ал тұңғышың Ахмедсардар болса, оның құрдасы емес пе?! Ол сені беталды мазалағысы келмейтін шығар. Және де бәріне хат жазуға қайдан үлгерсін. Соғыста емес пе...

- Қазір мен, тіпті, жайбарақатпын. Қос сұңқарым жауға соққы беріп жатыр.

- Қандай боларын бір құдай біледі! Соғыста не болмайды дейсің. Қарашы, Әміре, ауыл жаққа біреу келе жатыр.

- Мәссаған, Кәріпбек, ақсаңдап келеді өзі, балдақта

- Иә...

- Бірдеңеге ұшыраған ғой.

- Есесіне, тірі. Туған-туыстары естері шыға, қуанады десенші. Кім болды екен өзі?

- Жүр, алдынан шығайық, Кәріпбек, әйтпесе көңілім жай табар емес. Мен, тіпті, ірімшік көрген қарғадай, толқып кеттім.

- Жүр, Әміре, сен бәрібір маған тиыштық бермессің. Мүмкін, менің Айнабаламды айттырғанда мені иығына мінгізіп алып, қалыңдығым отырған киіз үйге жетіп барғандағы батылдығыңды көрсетерсің?! Мұндай да саған тең келер кім бар.

- Қойшы, Кәріпбек, қалжыңдайтын жер ме осы...

- Жарайды, жүр. Тек жүгірмеші, онда мен саған жете алмайтын сияқтымын Әміре, мынау Саттар ғой! Құдай ақы- Саттар! Ау, қайда барасың, ол келе жатыр ғой, тіфу, кешір мені, жаратқан, бізге қарай ақсаңдап келеді ғой.

Әміре бұл сөздің бірін де естімеді. Екі аршындай бойы бар ол, құдды арғымақтай, немерелес Кәріпбекке қарайламастан, кіші інісіне қарай құстай ұшты.

Кәріпбек оларға жеткенде, екеуі де үн-түнсіз, бір-бірін құшақтап тұрды. Әміре әлде ағалық, әлде әкелік мейірімнен бе Саттардың буырыл тартқан шаштарын сипалауда болды, ол небәрі 28 жаста болса да, Халхин-гол, Фин, Смоленскіні кешкен еді. Ендеше, оның бабасы Мәнжінің 23 жасында -ақ Сарыарқаның әйгілі батырларының бірі болғаны текке емес шығар.

- Саттар, Саттар, інішегім!- деп, айқайға басты Кәріпбек – Мәнжі батырдың аруағы желеп- жебеген шығар, жаңа ғана өзің мен Асқар туралы айтып тұрған едік!

- О, Кәріпбек, сені көргеніме қуаныштымын! Иә, келіншегің босанды ма? Шәрбан жазған, сені жақында кішкентайлы болады деп.

- Жо...- Кәріпбектің осы сөзін ауылдан жарыса жүгірген балалардың қуанышты дауыстары үзіп жіберді.

- Сүйінші!Сүйінші! – деді бәрі жамыраса, - Кәріпбек аға ұлды болды!

- Әйелің білген-ау шамасы, қай уақытта туарын - деп күлді Әміре. Тұңғышы болған соң ба Кәріпбектің көзіне жас үйірілді.

- Саттар, інішек, ұлымның атын өзің қойшы!

Саттар үлкен ағасына қарап еді, Әміре бас изеп, Кәріпбектің ұлына ат қоюға рұқсат беретінін білдірді. Әйтсе де, Саттар бұл рәсімді Әміренің құптауынсыз –ақ жасар еді. Өйткені, ол үйдің кенжесі, қара шаңырақтың мұрагері емес пе. Десе де, ана сүтімен бойына сіңген үлкенге деген құрметтен аттап кете алмайтында ме еді.

- Рахмет, Кәріпбек аға, мені осындай сый-құрметке лайық көргеніңізге. Аталарымыздың рухын еске алдық қой, олардың даналық сөзіндегідей «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, балаңның аты Біргебай болсын, тек қуаныштың ғана жаршысы болсын!

- Шәрбан дұрыс айтады екен ғой, сені осы көрегендігің мен шешендігің үшін ұнаттым деп!

- Ау, сендер неге тұрсыңдар? – деп, балаларға бұрылды Әміре, көзінің жасын көлегейлей, – Бәрің біздің үйге жүріңдер, сендерді мен құрт пен ірімшікке бір тойдырайын. Жұрттың бәріне айта жүріңдер, майданнан менің інім Саттардың келгенін, тойға келсін бәрі!

Бір топ бала «Сүйінші!» деп айқайлай, ауылға қарай жүгіре жөнелді.

ШӘРБАН

Шәрбан жаңа туған нәрестені жөргекке орап, баппен Айнабалаға ұстатып жатып:

- Тұңғыштарыңның бауы берік болсын, тек жақсылық әкелсін, Кәріпбек екеуіңе серік болсын!- деді

- Әумин – деп, қолпаштай кетті, келген әйелдер, жан-жақтан тілектерін жаудыра:

- Тезірек емізсеңші, ана сүтінің дәмін татсын.

Әйелдердің шуылынан, Шәрбан өзінің де аналық сезімінің оянғанын сезді. Тұңғышы Амангелді тоғыз айлығында ауырып өлмегенде, ендігі үш жасқа толатын еді. Ол көзіне келіп қалған жасты ешкімге көрсетпестен сүртіп тастады. Мұндай сәттерде сүйіктіңнің иығына басынды сүйеп, өзіңнің жалғыз емес екеніңді және тағдырдың басқа салғанына көнетініңді сезінеді екенсің. Саттары болса майданда, соңғы төрт айдың ішінде одан бірде-бір хабар келмеген еді. Шәрбан әр түн сайын егіле жылап, тәңірінен күйеуінің осынау сұм соғыстан аман-есен оралуын жалбарына сұрайтын. Пошташыдан қатты қорқатын және қарақағаз алғандардың жоқтауы мен қарғап-сілеулерін естігенде, аза бойы қаза болатын. Сондай сәттерде ол өзін қорғансыз сезінетін-ді, судан жағаға шығып қалған балықтай, ауа жетпей қарманатын.

«Солдат келе жатыр! Сүйінші!» деген дауыс естілгенде, Шәрбан селк ете қалды. Тынысы

тарылып, алқымына бірнәсе тұрып қалғандай болды, қолдары дірілдеп, көз алды тұманданып кетті. Қуанышы қойнына сыймай, бірінші болып, жүгіріп келген бала, қақалып-шашалып, айқайлай берді. Оның не айтып жатқанын бірден түсіну мүмкін емес-тін. Алайда, Шәрбанның жүрегі дүрсілдей жөнелді, есі шыққаны сондай, іші бұл хабаршының бір жақсылық әкелгенін сезді. Жиналып тұрған қауымға Әміренің кенже інісі Саттардың майданнан келе жатқаны жеткенде, Шәрбан көзінен аққан жасты тыя алмады. Ол үйден ата жөнеліп, сүйіктісінің алдынан жүгіріп шыққысы келіп-ақ еді, бірақ аяғы құрғыр біреу тұсап қойғандай орнынан тапжылмады. Көз алдына өзінің Саттарымен бірге алтыбақан теуіп жатқанын елестетті. Есінен танып қалған Шәрбанды әйелдер қолтығынан демеп, таза ауаға алып шықпақшы болып еді, ол бұлқынып, сытыла жөнеліп, жоқ болып кетті. Тек, көшеден оны арықша келген әдемі, солдат киіміндегі жіптіктей жігіттің көтеріп келе жатқанын байқады.

Саттар...Саттар!-деп, әйелдердің жылап-сықтағандары сілтідей тынған ауылтыныштығын бұзып жіберді. Шәрбанды жас балаша кеудесіне аялай қысқан Саттар оны ерні мен көзінен алма-кезек сүйіп, қашан да майданда өзі есіне алатын шашының жұпар иісіне шомды және майданда, әр ұрыстың алдында тәңірінен: «О, Алла, маған сүйіктім Шәрбанның қолаң шашынан құшуды жаза гөр!» деп тілейтін. Жұбайының бұрымы тірсегіне

дейін жететін, ол мұны мақтан тұтатын. Шәрбан нәзік өбістен өз –өзіне келе бастады, оның жанарынан парлаған қуаныш жасына айналасында тұрған әйелдер қызыға да қызғана қарады.

Бәрі ептеп тынышталған соң, Шәрбан өзінен Саттардың, ағасына алып берген броні бола тұра Асқардың майданға қалайша аттанғанын сұрайын деп тұрғанын түсінді. Үнсіздікті бұза жарып ол, бұл жөнінде әңгімені бірінші болып бастап кетті.

Шәрбанның, теміржол учаскесі жолында бастық болып істейтін ағасына, мөлшерлеп жақсы азық берілетін. Ол соған барып, азық-түліктің жартысын алып, кері қайтатын. Бірде станциядан – көрші жолда тұрған әскери эшелонды және оған соғысқа шақырылғандардың отырғызылып жатқанын байқап қалды. Адамдар қоштасып жатты, бұған қараудың өзі ауыр болатын. Әйелдердің көзінде жас пен үрей. Олардың аузынан «Тек аман-есен оралғайсың! Мен сені күтем! Жалғызымыз екеніңді ұмытпа...» деп, жалбарынған сөздер естіледі. Мұндай сөздерден кейін, еріксіз көзге жас аласың, жанға батарлық осы көріністен аулаққа безіп те, кеткің келеді.

Бір жағынан мал да тиеліп жатты. Вагондарға «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!», «Қазақстандықтар, жеңіспен оралындар!» деген плакаттар ілінген. Шәрбан осы жерден жылдамдырақ өтіп кетпек болып адымдай түскені сол еді, кенеттен ашулы офицердің дауысын естіді: «Не болды, төртеуің жабылып, бір бұқаны вагонға

кіргізе алмай жатсындар? Жолдастар, жас жауынгерлер, көмектесіп жіберіндерші!». Міне, сол сәтте ол Асқарды көріп қалды. Ол иығындағы жорық қапшығын сілкіп тастап, жаңағы төртеуге жақындап, оларға әрі тұруларын өтінді де, вагонда тұрған солдатқа мүйізге байланған арқаннан тартуын сұрады. Платформаға тұяқтарын тіреп алған бұқа басын төмен салып, «мені осы орнымнан қозғалтып көріндерші» дегендей, міз бақпады. Асқар бір тілім нанды сол алақанына үйкелеп, оның иісінбұқа сезу үшін, оның тұмсығына тақап, оң қолымен оның құлағын қаси бастады. Ондай кезде, қашанда, қолдарынан ештеңе келмесе де, қағытып қалатындар да табылады емес пе: «Сен не, пақырсың ба? Бәлі, ол бұқаны вагонға өзі кіретіндей дуалап жатыр» деп, шуласты.

Күлкі мен қалжың - шиеленіскен осы жағдайды сәл бәсеңсіткендей болды. Асқар әрқашан да салмақты әрі жинақы болатын. Бұқаның астына отыра қалып, оның құйрығын шаптың екі арасынан өткізіп, оң қолына орап алды. Сол қолын алдыңғы екі аяқтың ортасына өткізіп, оң аяғынан ұстап, иығын бұқаның кеудесіне тосты да: «Аруақ!»- деп, оны платформадан жұлып алып, вагонға бір-ақ ытқытты. Арықша келген, тарамыс жігіт екі жүз келі бұқаны бұйым құрлы көрмеді. Масаттанған адамдар «Батыр! Батыр! Сендей адамдармен біз жауды әлі тас талқан етіп, апанына қуып тығамыз» - десіп жатты.

Асқар өзіне тән сабырлы қалпымен үсті-басын қағып, жерден қапшығын алды да, вагонына қарай беттеді. Мұнда оны шығарып салушылар қоршап алып: «Жарайсың! Фашистердің көкесін көзіне көрсет!» - десіп жатты.

- Аты-жөніңіз кім? Шақыртуға дейін кім болып жұмыс істедіңіз?- деді, оған таяп келген офицер

- Асқар Каренов, үңгуші- кеншімін.

- Мынадай бойыңмен бе? Қалай еңбектенгенсің өзің?- деп, таң қалды лейтенант.

- Броньді де бойыма байланысты алып тастады, енді, міне соғысқа бара жатырмын,- деп жауап берген Асқардың қалжыңына шығарып салушылардың бәрі бір күлісіп алды.

- Каренов, сенің қолыңнан тағы не келеді?

- Аттың құлағында ойнаймын- деп, түсінбегенсіп, жауап берген Асқар, елдің ақ жарқын күлкісінен кейін, тағы да: -« негізі, мен аңшымын, іздерін тап басамын, мергендігім де бар».

- Жарайды. Мен сенің барлық деректеріңді жазып алдым. Орналасу орнына жеткеннен кейін, сен туралы баяндаймын. Жалпы, Каренов, мен саған тапсырманы орындағаның үшін және әскерге шақырылушылар мен шығарып салушылардың жауынгерлік рухын көтергенің үшін алғыс жариялаймын – деп, лейтенант тік тұрып, оң қолын шекесіне апарды. Әлі әскери адам емес, Асқар, сасып қалды.

Тек: рахмет!- деп, күмілжіді ол.

- Совет Одағына қызмет етемін! деуің керек. Түсінікті ме?- деп, күлімсірей сыбырлады офицер. Асқардың бас изегеннен басқа амалы қалмады. Лейтенант алақанын алақанға шарт еткізіп, «Вагонға!»- деген бұйрық берді.

Осыларды көріп тұрған Шәрбан орнында қатты да қалды. Тек офицердің жаңағы бұйрығынан соң, есін жиған, ол «Асеке» деп, оған қарай ұмтыла жөнелді. Оны көрген Асқар да сасып қалды, ол өзінің кетіп бар жатқанын, оның өзінде соғысқа кетіп бара жатқанын біреулердің білгенін қаламап еді.

- Бұл қалай, Асеке, Саттар сіздің соғысқа барғаныңызды қаламап еді ғой, сіз оның әкешесінің орнында болып, үйлендірмеп пе едіңіз?!- қасына келіп жеткен ол осы сөзді ғана айтып қана үлгерді.

- Солай болды, Шәрбан. Мен оның шешесі қайтыс болар алдында оны қорғаймын деп, сөз беріп едім. Ол соғысып жатқанда, мен үйде тағат тауып отыра алар емеспін. Оны тауып аламын, сосын екеуіміз бірге оралатын боламыз, - осыны айта сала Асқар вагонға секіріп, бірақ мінді. Шәрбан оған тек тамақ салынған қалтаны ғана беріп үлгерді. Ол әскери эшелон көзден ғайып болғанша орнында сілейіп тұрды да қойды.

Шәрбан осының бәрін күйеуіне айтып берді. Саттар оны құшағына алып, екеуден-екеу ұзақ отырды, Асқардың оны Наурыз мерекесінде Саттар

үшін бәрінің көзіне алып қарғанын, оларды мәңгілік бірге болу үшін қосқанын еске алысты.

САТТАР

Аға сержант Саттар Кареновтің взводты басқарғанына төрт айдың жүзі болды. Қырық екінші жылдың маусым айынан бастап, қаза тапқан взвод командирінің қазасынан кейін, ол қолбасшылықты өзіне қабылдаған болатын және немістердің шабуылына тойтарыс беру үшін, жеке құрамын көтеріп, қоян-қолтық ұрысқа сан шыққан-ды. Ұрыстың әрбір сәті оның есінде: түйрелген найзалар, қолдары көгергенге шейін сығымдалып ұсталатын сапер күректер, каскаларды қақ жарған соққылар, сынған сүйектер. Лас етікті немістерге жерімізді тапталмас үшін, өздері жаралы болса да жауынгерлердің соңғы күші қалғанша қалай немістердің етегіне жармасқаны, кеуделерін кек пен ыза кернеп, тістеніп, жаумен айқасқандары да әлі жадында.

Бүгін де, ол, қыркүйектің аптап ыстығында, бұйрыққа сәйкес, өз взводын Зуевка селосына бастады. Жауынгерлердің ыстық тамақ татпағандарына бес тәуліктің жүзі болған, шексіз көп көшпелі ұрыстан қалжыраса да, олар командирлерінің соңынан еріп келеді. Тер басқан жүздеріне қонақтаған шаң мен тозаңды олардың шаршаған түрлерінен ашу-ыза байқалады.

Рота командирі, капитан Анищенконың айтқан сөзі Саттардың ойынан әлі кетер емес:

- Каренов, сенде 3 бөлімше, 32 жауынгер бар. Мен саған пулемет бөлімшесін, яғни, тағы да 8 жауынгер беремін. Сонда, сендегі жеке құрамда 40 адам болады. Сондықтан, негізгі күштер келіп жеткенше Зуевка селосының бекінісін ұстап тұруға тиіссің.

- Ал, егер танкілерін жіберсе ше? Мен оларды пулеметпен соққылаймын ба? Тым құрмаса танкі ататын екі қару берсеңізші.Өзіңіз айтып тұр емессіз бе, бұл учаске тым жауапты деп, - талап қойды ашу кернеген Саттар.

Анищенко оған бастан аяқ сынай, көз жүгіртті. Оның алдында сұңғақ бойлы, жинақы әрі мұнтаздай тап-таза взвод командирі тұрған еді. Каренов офицер болмаса да, ақыл-ойға жетік, батыл да сенімді болатын, ұрыста көзге түскен жауынгер ретінде мұндай атаққа да лайықты еді. Нағыз командир! Анищенко қызбаланған Саттардың аптығын баспақ болып, дауысын көтергісі келіп еді, бірақ, ол, ол райынан жауынгерлік тапсырма жүктелетінін ойлап, тез қайтты:

- Жарайды, Каренов, танкі ататын екі қару берермін, - деді.

Теуіп келу үшін велосипедке ие болған бала құсап, Саттар қатты қуанып кетті,оның жүзінде күлкі ойнады:

- Рахмет, жолдас капитан! Енді кез келген қорғанысты ұстауға болады.

Ал, Анишенконың көзінен: «Сен үшін мен ештеңе де аямаймын! Эх, егер де үлкен қаруымыз болса ғой, осындай жауапты учаскелер аз болар еді» деген ойды оқуға болатын еді.

Барлық майдан бойынша немістің «Орталық» армиясының тобы Смоленск маңынан жаңа бекініс құру және біздің бекіністі бұзу мақсатында өз күштерін жиып, қиян-кескі ұрыс жүргізіп жатқан болатын. Алайда, бұл қайда және қашан болатынын ешкім де білмеді.

Зуевка селосының сырт жағына шыққан Саттар айналаны жіті қарап шықты, картаға бір қарап алып, өзіне бөлімше командирін шақырды, оған қай жерден жертаса қазу, жеке құрамды қай орынға жайғастыру жөнінде бұйрық берді.

- Остапенко, кел маған!- деп, енді ғана он сегіз жасқа толған

байланысшысын шақырды. Үнемі күлімдеп тұратын украиндық бұл бозбала сабағын дұрыс, уақтылы орындауға тырысатын ынталы оқушыға көп ұқсайтын, содан да болар Саттардың оны көргенде бауырлық аяушылық сезімі оянатын. Оны қанша жерден құшағына қысқысы келгенмен, солдаттың аты солдат, оған да белгіленген жауапты тапсырма бар, сондықтан ол қатқыл дауыспен бұйрық берді:

- Остапенко, байланыс үзілмесін!

- Ұқтым. Құп болады, жолдас командир!

Түнгі сағат екіде Саттар қарауылдардың күзетін тексерді. Бірінші бөлімшенің командирі сержант Равиловты оятып, оған қарауыл бекеттеріне бақылауды қамтамасыз етуді тапсырып, өзі, шабылған бір құшақ шөптің үстіне шинелін жамылып, жата кетіп еді, бірден қор ете түсті. Біреудің иығынан жұлқып, сыбырлағанынан оянып кетті:

- Тұр, Саке, немістер.

Бұл Равилов болатын. Орнынан атып тұрған Саттар гимнастеркасын түзеп:

- Олар қанша? – деп сұрады.

- Алты мотоцикл және сонша бронетранспортер.

- Бәрің ұрысқа дайындалыңдар! Менің бұйрығым бойынша атыңдар,-

осы дауыс жертасаларға жаңғырып кетті.

- Тоқташы, Радик, мен бірдеңеге ұшырайтын болсам, командирлікті өз қолыңа аласың, - деп, Саттар Равиловты тоқтатты

- О не дегенің, Саке, бәрі жақсы болады, бірінші рет емес қой, бір жөні болар.

- Остапенко, мені командир Анищенкомен қосшы,-деп, байланысшыға бұйрық берді де, өзі дүрбіге үніліп, техникаларды санай бастады.

- Жолдас командир, байланыс бар!

- Жолдас капитан, сізге аға сержант Каренов баяндап тұр. Маған алты бронетранспортер мен алты мотоцикл қарсы шықты.

- Қармаққа түсті ме,- ішінен айтам деп, Анищенко, өзінің дауыстап жібергенін аңдамай қалды.

- Не? Түсінбедім, жолдас капитан,- деп, сымның арғы жағынан Саттар түсінбей қайтадан сұрап жатты.

- Бәрі жақсы, Каренов, - деп, ұрыс жүргізу туралы бұйрық берген Анищенко оған сәттілік тіледі.

Саттар бөлімше командирлерін шақырып алып, былай деді:

- Бірінші болып танкі ататын қарулар бастасын. Көздеп тұрып, дәл тигізуге тырысу керек, шегінер жолды жабу үшін алдыңғыларды өткізіп жіберіңдер. Пулемет бөлімшесі бұйрық бойынша дұшпанның тірі күшіне оқ атсын. Ал саған, Равилов, ерекше тапсырма. Өзіңнің бөлімшеңмен мотоциклшілердің жолын бөгеп, олардың көзін гранатамен жоятын бол. Танкі ататын қарудың атысы естілгенде, бастайсың ғой. Барлығың тек бұйрық бойынша қимылдаңдар.

Алдағы ұрысты күткен солдаттар тыпырши бастады. Біреулері шешуші сәтте өзі сенетін мылтығын сүртіп-тазаласа, екіншілері оқ-дәрілерін қайта тексеріп жатты, енді біреулері жаумен айқасуға дайын екенін білдіріп, жандары тағат табар емес.

- Атыңдар!- деп, бұйырған Саттардың дауысы жауынгерлерді дүр сілкінтті.

Бірінші атылған оқ бронетранспортерге дөп тиді. Екінші соққы жанап өтті. Дүрбімен қарап тұрған Саттар лақтырылған гранаталардан үш мотоциклдің жарылғанын көрді, сол сәтте Равиловтің бөлімшесі қалғандарына оқ жаудырды. Қайта оқталған танкі ататын қарудан бірнеше мәрте оқ атылды. Тағы да екі рет дөп тиді. Немістердің бронетранспортерден ытқып шыға бастағанын көрген пулемет бөлімшесі мен взводтағы солдаттардың бәрі жауға ес жиғызбай, оқтың астына алды. Ұрыс жарты сағатқа жуық уақытқа созылды.

Алты бронетранспортердің бесеуі орнында қозғалыссыз тұрып қалды, үшеуі жанып жатты, мотоциклдердің барлығы да жойылды.

- Бөлімше командирлері мен взвод командирлері!- деген дауыс тізбек бойынша жарыса кетті.

- Баяндауға рұқсат етіңіз, жолдас командир!- деді, бірінші болып бастаған Равилов

- Баяндаңыз,- деді Саттар, терең тыныстап

- Берілген тапсырма орындалды. Жеке құрам арасында шығын жоқ. Екі адам жараланды.

- Баяндап тұрған екінші бөлімшенің командирі кіші сержант Гнедых. Менен біреуі қаза тапты.

- Баяндап тұрған үшінші бөлімшенің командирі кіші сержант Ухватов. Менен біреуі жаралы.

- Остапенко, мені Анищенкомен қосшы- деп, Саттар командирге жағдайды баяндады.

- Бұл барлау ротасы сияқты,- деді, Анищенко өзінің ойын білдіріп, - дайындала бер, көп кешікпей олар енді сені жайпауға келеді.

- Түсіндім, жолдас капитан,- деді Саттар салқын ғана. Ол бұл әңгіменің соңғысы екенін білмеді. Бұдан кейін ол, өзі өлсе де, ешқашан шегінбейтін, шепті қорғайтын командирін көрмеген еді.

Көп ұзамай Анищенконың айтқаны дәл келіп, жаппай артиллериялық атқылау басталды. Әрбір жарылыстан жер дірілдеді. Ол екі бөлікке қарс айырылып, құрдымға кететіндей көрінді. Артиллериялық атқылаудың қаншаға созылатынын ешкім де білмеді. Ойраны шыққан осы жерде тірі қалғандарын: шынымен де бұл ессіздіктің басылғаны ма деген бір-ақ ой мазалады. Топырақ басқан жертасадан түрегелген Саттар екі қолымен шуыл мен ауырғаннан жарылғалы тұрған басын ұстады. Құлағынан аққан қан саусақтарының арасымен жылжып ағып, гимнастеркасына сіңіп жатты. Ол тірі қалғандарды іздеп, жан-жағына көз салғаны сол еді, жертасадан ебедейсіз қалыпта жатқан жауынгерді көрді, сірә, жаудың алқымынан алу үшін соңғы ұрысқа көтеріліп, үлгермеген де болуы керек. Көбісі жарылған снарядтардың жарықшақтарынан қаза болған екен.

Олардың ашық қалған көздерінде оттың өткір ұшқыны мәңгіге қалған еді. Бұл өмірге деген құштарлық, туған-туыстары мен Отанына деген

сүйіспеншілік және дұшпанға деген қатыгез өшпенділік болатын. Саттар қаза тапқан жауынгер серіктерінің әрқайсын бауырына қысып, олардың ерліктері алдында тізесін бүккісі келді!

Ұрыс жалғасып жатты.

- Саке! Саке! Сізге не болды?-деді, ендіге жеткен Равилов.

- Тірі қалғандар қанша?- деп сұрады, Саттар жүрелей отыра кетіп

- Бізбен 19 адам. Гнедых жаралы. Ухватов қаза тапты,- деп айқайлай дауыс қатты Равилов.

- Ұрысқа дайындалыңдар! Қазір олар шабуылға шығады, -деді Саттар, бар күшін жұдырығына жинап.

Алда жанып жатқан бронетранспортерлердің түтіні арасынан, саны жағынан олардан біршама басым жаудың қарасы көрінді. «Бәлкім, бұл біздің соңғы айқасымыз болатын шығар, - деп ойлаған Саттар, бір гранатаны қалтасына салды да,- тірідей берілмеймін» деді. Бірақ, оның бұл күмәнді ойы орындалмады. Бұл кезде біздің авиацияның әуеден бомбалаған соққылары фашистердің резервтік артиллериясын жойып жіберген еді.

Жертасадан атып шыққан ол, тіп-тік тұрып бұйрық берді:

- Взвод, Отан үшін! Сталин үшін! Алға! – деп, жауға қарсы ұмтылды.

Тірі қалғандары: Ура! Отан үшін! Сталин үшін! – деп айқайлап, командирінің соңынан ере жөнелді.

‘Эвануиктте бірақ есін жиған Саттардың ойында қалғаны жанға батқан ауыру және жердің аяғының астынан көшкендей болуы. Оған төне қарап жас санитарка тұрған еді. Оның жүзі таныс сияқты көрінді.

- Мен қайдамын, маған не болған? –деп, сұрады ол шөлден құрғап, жарылып кеткен еріндерін жалап.

- Сіз аяғыңыздан жаралысыз. Шынымен де мені танымадыңыз ба? Мен Настямын ғой. Есіңізге түсті ме? –деді, санитарка ашынған дауыспен. – Қазір біз сізді госпитальға жібереміз, ал онда менің әкем бар. Ол сізді бірден аяғыңызға тұрғызады.

Саттар енді есіне түсіре бастады. Бұл 1942 жылдың мамыр айы болатын, олардың эшелоны жеке құрамды толықтырып, оларды бір жерден екінші жерге жіберу мақсатымен бір станцияға тоқтаған болатын. Капитан Анищенко станцияның арғы жағындағы қосалқы жолда орналасқан қосымша жасақтау пунктіне баруға нұсқау берген. Ол онда қосымша күшті қабылдап, енді ғана училище бітіріп келе жатқан взвод командирін қарсы алуға тиіс болатын.

Саттар жолдарды санап шығып еді, сегізге тарта жолдың әрқайсында да составтар тұрды. Бір вагонның астынан өтпек болып еңкейе бергені сол, күбірлеген дауыстар естілді:

- Мұнда әкел. Мұндағы вагон бос екен, айқайлап жүрмесін, аузын жап.

Вагон астымен өткен ол - әскери киімдегі үш адамның қарсылық танытқан бір қызды сүйрелеп жатқандарын көрді. Оның кәсіби сезімталдығы бұл жағдайға өзінің араласуын талап еткендей болды.

- Токтандар!- деп айқай салды оларға, - не болып жатыр өзі мұнда?

Олардың біреуі қыздың аяғын қоя беріп, бұрылды да:

- Саған не керек, солдат? – деп сұрады.

- Мен айттым ғой жаңа, -деп жауап берген Саттар, олардың әрқайсына бір қарап, бет-жүздері, қылықтары, сөздері бойынша, кімдер екенін ұққандай болды. Олар формада болатын, бірақ Саттар олардың әскери адамдар емесін бірден түсінді. Оған арықша келген, бет сүйегі шығыңқы, түрі қуқыл тартқан сары адам погонында шені бола тұра, әскерилерше сөйлеместен, үн қатты. Бұлар кім болды екен?

Ал ол бір жарым метрдей жерде тұрып, сөзін жалғастырды:

- Біз мұнда бір диверсантканы ұстап алдық, тергейік деп едік, - деп, қолын еріндеріне апарып, қалай-болса солай сұрткендей болды. Оның саусақтарындағы әшекей суретті байқап қалған Саттар, бұлардың айып батальонындағы сотталғандар екенін ұқты.

- А, онда жарайсындар, - деп, әңгімені жалғаған ол, оларды жорта мақтап жіберіп, - мен

ерекше бөлімненмін, тап осыны іздеп жүрген едім. Сондықтан мұны маған беріңдер-деді.

- Сухой, көрдің бе бізді алдап тұрғанын. Сен не, көрмей тұрсың ба, оның қызыл жағалы екенін?!

- Жә, «Сүйек», әйтпесе тілінді кесіп аламын, - деп, ол өзінің арт жағында ашық-шашық гимнастеркада тұрған досын басқандай болды. Енді бәрі түсінікті болды. Соғысқа дейін милицияда жұмыс істеген Саттар өз қызметінде мұндай адамдардың талайын көрген.

- Өз жөніңді тап. Әйтпесе осы жерде жатып қаласың, - деп ол, қатерлі түрімен оң жақ етігінің қонышынан бізді суырып алып, құлаштай бастады.

Саттар оны қолынан шап беріп ұстап, қысқа соққымен жағынан бір ұрып, сұлата салды. "Оңбаған «Тыңшы!»- деп, «Сүйек» те оған ұмтылды. Ол оның тамағына қарай созылып келе жатқан екі қолынан ұстап алып, шалқая бере, аяғын оның ішіне қойды да, басынан асырып, лақтырып жіберді. Қарсыласының қимылын көріп қалған Саттар ұшып тұрды да, орнынан енді тұрып келе жатқан «Сүйекті» етігімен бастан бір теуіп, құлатып тастады.

Артына қараса, қорыққанынан көзі бақырайып кеткен, қызды ұстап тұрған үшіншісі: «Жақындама, олгірем» - деп, есірді. Оның екі сыбайласы естерін жинапша, іске кірісу керек болды. Ол: «Тыңдашы, сен оны босат, сосын екеуміз татуласып, жан-жаққа тарасайық. Мұнда, соғыста, қызыл жағалы дегендер

жоқ. Соғыс бәрін жуып- шайып кетеді, - деп, шабуылдау үшін қашықты қысқарта түсіп, ақырындап жақындай түсті. Сол сәтте, қыз оның, ұстап тұрған қолынан тістеп алды. Осыны пайдаланған Саттар оны кеңірдегінен бір ұрып, есінен тандырып тастады.

Жанарынан жас сауғалаған қыз мұны бас салды:

- Ағатай, ағатайым менің, рахмет! Мен диверсанта емеспін. Мен әкемді іздеп жүрмін. Ол полковник, госпитальда жұмыс істейді.

Саттардың тек:

- Түсіндім, бәрі жақсы болады,-деп, айтып үлгергені сол еді арт жағынан

- Көтер қолыңды!- деген дауыс естілді, бұларға автомат асқан екі солдатты ерткен бір лейтенант беттеп келе жатты. Олардың әрқайсының жеңінде байлап алған, «Патруль» деген жазу бар қызыл таңғыш болды.

- Сіздер кімсіздер, өзі бұл жерде не болып жатыр?

- Мен, 1287- атқыштар полкі взвод командирінің орынбасары, аға сержант Саттар Кареновпін, қосымша құрамға келе жатқанымда мына үшеудің бір қызға жабылып жатқанының куәсі болдым.

- Жақсы, анықтаймыз. Силантьев, мыналардың есін жиғызып, дивизия штабына айдап апарындар, - деп, лейтенант бұйрықты әскерилерше нық берді.

- Аға сержант Каренов, бізбен бірге жүріңіз. Қашуға тырыссаңыз, атамын-деп, ескерткен ол өз емеурінін растағандай, тапаншасының қабын ағытып қойды.

Келе жатып, Саттар өзін не күтіп тұрғаны туралы ойлады. Бәрін таразылай келе, оны қабырғаға тұрғызып, атып тастаулары мүмкін екенін де түсінді. Ол бұл қыздың кім екенін және оның Қызыл Армия бөлімдерінің арасына қалай түскенін білмейтін еді. Ал оның дәлелдері ше? Мұнымен кім айналысады, оның әкесін кім іздейді?...Мүмкін ол қаза тапқан шығар немесе...Жауаптан гөрі сұрақ сансыз көп еді.

Бұлар дивизия штабы ерекше бөлімінің бастығын күтіп тұрғандарында, командирдің кабинетінен шыққан аға лейтенант кезекшіге қарап:

- Медицина қызметінің бастығы, полковник Сычев, шұғыл дивизия командиріне жетсін, - деді.

Бұл сөздерді естіген қыз шыр ете түсті:

- Әкем, бұл менің әкем ғой!

Полковник Сычев келді де, бәрі де белгілі болды. Шынында да, ол соның қызы болып шықты. Ол Қазақстанға әжесімен және шешесімен бірге эвакуацияланып келе жатқанда, олардың пойызы бомбаланған, алайда ол кездейсоқ тірі қалған. Әкесінің жазған соңғы хаттарының бірінен, оның қай жерде екенін шамалап білетін ол іздеп шыққан екен. Небары он алты жастағы қыздың есімі Настя екен....

Саттар:

- Солдатты аяп кеттім, аяғын кеседі екен, тізесі зақымданған,- деп, ота жасау бөлмесіне апара жатқан медбикелердің әңгімесін естіп қалды.

- Аяғым, аяғымды кеспеңіздерші! Аяқсыз мен кімге керекпін?! Не істесеңдер, соны істендер, бірақ аяғымды қалдыра гөріңдер. Мен бәріне шыдаймын-деп, Саттар өзіне жақындап келген Сычевтің халатынан ұстай алып,жалбарына бастады.

Сычев, тәуекелге бел буып, өзіне бірден –бір қымбат жанның өмірін өлімнен сақтап алып қалған адамның көзіне қарады, енді тағдырдың өзі осы қарызды қайтарып, солдаттың аяғын қалдыру жағдайын сұрағандай болды:

- Сабыр ет, Саттар. Бәрі де менің есімде және саған мен өте ризамын. Қолымнан келгеннің бәрін жасауға тырысамын-деді.

Бірақ қалай болар екен, егер сіңірі мен тізесі бірдей зақымданса? Ол бір саптыаяққа құтыдағы спирттен толтыра құйып, Саттарға берді де:

- Бірден тартып жібер.Бұл наркоздың орнына. Қолдан келгені осы, - деді. Ашқарынға ішкен спирттен Саттардың басы айналып, көзі қарауытып бара жатты.

Есін жиғанда, жанында Настя отыр екен. Ол күлімсіреп қоя берді де, дабырлап сөйлей жөнелді:

- Мен айттым ғой. Бәрі де жақсы болады, - деп. Саттар төмен қарап еді,

жаралы аяғы орнында екен. Осы кезде палатаға полковник Сычев кірді:

- Қолымнан келгенін бәрін істедім. Аяғыңды қалдырдым, бірақ өміріңнің соңына дейін ақсандап өтесің.

- Рахмет, жолдас полковник, - деп, Саттардың көзіне жас іркілді.

- Ештеңе етпейді. Қайта тірі қалдың, жақын-жуықтарыңды қуантасың. Мұнымен қоса, сені Қызыл жұлдыз орденіне ұсынғандарын естіп қалдым. Сондықтан, үйіңе батыр боп оралатын болдың.

Оған төрт ай бойы госпитальда жатуға тура келді. Бұл уақыттың ішінде оның полкі танкі шабуылына ұшырап, капитан Анищенко қаза болады. Алғашында Анищенконың ротасы толық құраммен Зуевка селосының түбінде алдамшы маневр жасауы тиіс болған екен. Бірақ та, бәрі бір тәулік ішінде өзгерген. Неміс танкілерінің шабуылын күтіп, оны тоқтату үшін біздің негізгі күштер қажет болған. Шабуылға шыққан танкілер легін қоршауға алу үшін Қызыл Армияның негізгі күштері Зуевка селосында жиналғанына фашистердің көзін жеткізу мақсатымен онда күшейтілген взводты жіберу туралы шешім қабылданады.

Бұған тұтқыннан қашып шыққан немістің қарсыластың жоспары туралы кездейсоқ біліп қалып, әкелуі – мыс деген ақпарат ықпал етуі тиіс болатын. Бәрі бір мақсатқа келіп тіреледі – ол фашистердің резервтік артиллериясын анықтап білу

болатын. Немістер ұрыста алынған ақпаратты тексеру үшін, өзінің барлау ротасын жібереді.

Олар аға сержант Каренов взводының тосқауылына кезігіп, айтарлықтай шығынға ұшыраған кезде, герман командованиесі резервтік артиллериясының соққысымен совет әскерлерінің танк шабуылын қыспаққа алмақ болған жоспарын талқандау туралы шешкен. Сөйтіп, немістер өз шебін байқатып алған уақытта, біздің авиация оларға соққыны дәл берген. Өлімге бел байлаған взвод тапсырманы орындап шыққан.

Соғыстың қаншама жас әрі қарулы жастарды жалмағаны беймәлім. Жер бетіндегі бейбітшілік үшін өмірін қиған, біздің заманымыздың прометейі ретінде, белгісіз совет солдаттына ескерткіш қойылуы да осыдан болар .

АСҚАР

- Ех, ақ көңіл Шәрбан, қолындағысының бәрін беріпті ғой, - деп, тізесінде жатқан түйіншек үшін өзін кінәлі сезінген Асқардың жүрегі сыздады, - әйткенмен де Саттардың әйелі қандай жақсы еді, сүйе білетін, адал, төзімді адам –ау өзі.

Вагон доңғалақтарының бірсарынды дүрсілі оны тербеткендей еді. Жоғары тақтада жатқан ол, көзінің қалай ілініп кеткенін білмей де қалды. Ол түсінде өзінің Ақжалды мініп келе жатқанын көрді. Астындағы арғымағы домбыраның қос шегінен

туындаған дала әніне елтігендей тыпыр-тыпыр тәкаппарлықпен билеп, оны алысқа әкетіп барады екен.

Ұшы қиырсыз Сарыарқа, сап-сары әдемі ақ селеуі жалтыраған дала құдды жаңа ғана туып тәлтіректеген лағын өргізген киікке ұқсайды. Бесікте жатқаннан бастап, күш беретін жусанның иісі мұрын жарады. Шынында да, әр көшпендінің қадірлейтін қасиетті бастауы осындай. Сәби күлкісіндей сылдырап аққан бұлақ, көкте шырылдаған бозторғай әрі осы әннің бәрі дала қойнауына сіңіп жатыр...Түс көріп жатқан Асқар кеудесін кернеген осы қуаныштан күлімсіреп жатты.

Ол ешқашан да пойызбен бұлайша көп жүріп көрмеген еді, бұйрық естілгенде қуанып кетті:

- Барлықтарың вагоннан шығындар! Үш-үштен сапқа тұрындар! Қатарлан! Тіктел! Оңға! Станцияда орналасқан жасақтау пунктіне қарай адымда! – деп, нық берді бұйрықты лейтенант. Қазақстаннан

келген қосымша құрам айтылған жерге қарай беттеді. Станцияда, лейтенантпен бірге Асқарға жуа-жуа тозығы жеткен гимнастеркадағы мығым денелі капитан жақындады.

- Міне, осы жауынгер! – деді, лейтенант Асқарды көрсетіп.

- Фамилияң? – деді оған капитан

- Каренов!

- Жер жағдайын бағдарлай аласың ба?

- Иә.

- Жақсы онда – деп, жымыңдап күлген капитан Асқарға қолын созып, алақанын қыспақ болып еді, қолының қатты қысылғанын сезген ол «Қол ма, әлде таспа?» деп ойлады.

- Иә, мен мұндай адамды кезіктірген емеспін,- деді капитан Асқардың алақанын босатып тұрып. «Капитан білсе ғой, мұндайда жігіттердің күшқайраты сыналатын Наурыз мерекесі мен үйлену тойларында «жілік сындыру» жарысында тоқпандай жіліктерді бір-ақ ұрып сындыратынымды, онда бұлай таңырқамас еді» – деп, күлді Асқар іштей.

- Менімен барасың - дегенде капитан, лейтенант та күлімсіреп:

- Айттым ғой? – деп Асқарды иығынан қақты.

Осылайша, Асқар 33-ші атқыштар дивизиясының барлау полкіне түседі.

1942 жылдан бастап 1943 жылдың қыркүйегіне дейін 33-ші атқыштар дивизиясы Холм қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай жиырма километрдей аймақтағы Залесье, Лосиная голова, Медово, Борисово, Приброд, Машонкино деревняларының төңірегінде соғысады.

1943 жылдың қыркүйегінде дивизияны Холм қаласының түбінен алып, Локня кентінен 30 километрдей шығыстағы Болонново мен Дрепино деревнялары ауданындағы плацдармға ауыстырады. Сол жерден дивизия шабуылды Новоржевке қарай бағыттай отырып, Локнядағы жау шебін бұзудан бастайды.

Ал, 1944 жылдың қаңтарында олар Новоржевте шабуылды үдете отырып, Псков облысының Локня және Новоржев аудандарында ұрыстар жүргізеді. Ұрыс бастапқыда Локняға таяу, одан кейін Локня, Бежаницы, Новоржев учаскелерінде жүреді.

- Ағатай, - деп, жүгінді Асқарға қостанайлық жерлесі Павел Коструб, - жаман хабар келді, бекем болыңыз. Біздің Әлияны өлтіріп тастапты.

Павелдың сөздерінен селк ете қалған Асқар үнсіз шинелін алды да, окоптың түпкіріне қарай кетті. Шинелін төсеп жіберіп, етігін шешіп, жүрелей отыра кетті де, дұға оқыды. Асқар қайтып келгенде, Павел көз жасынәлі сүртіп отыр еді.

- Неліктен бұлай болды екен? – деді, ол қарлыққан үнмен. – Ол небәрі 18 жаста ғана еді ғой!

- Марқұмның жаны жұмақтан жай тапсын – деп, буржуйка пешінің қарсысында отырып, жанған отқа қарап, күбірлей сөйлеген Асқар, Әлия Молдағұловамен қалай жолыққанын есіне түсірді.

